



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР


Наурыз 2025

2025 жылғы наурызда жылдық инфляция жеделдей түсіп, 10%-ға жетті. Бір жылдағы баға өсімі инфляцияның барлық құрамдас бөлігінде жеделдегені байқалады. Азық-түлік инфляциясы өндірушілердің бағасы өсіп, кей тауарлардың өндірісі қысқарғанына байланысты күшейді. Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың инфляциясы тұтынушылық сұраныстың тұрақтылығы мен теңгенің номиналды бағамының әлсіреуінен кейінгі баға түзетуінің жалғасуына байланысты жеделдеді. Қызмет көрсету саласындағы жылдық инфляция тұрғын үй-коммуналдық қызмет тарифтері өскендіктен және нарықтағы кей қызмет түрлері қымбаттағандықтан өсті.

2025 жылғы наурызда жылдық инфляция 10%-ға дейін жеделдеді (2025 жылғы ақпанда – 9,4%). Бағаның айлық өсу қарқыны баяулап, 1,3%-ды құрады.


Маусымдық факторлар ескерілмеген инфляция көрсеткіші айлық мәнде 1%-ға дейін баяулады (2025 жылғы ақпанда – 1,3%), ал аннуализацияланған мәнде 13%-ға дейін төмендеді (16,9%) (1-график).

1-график. Инфляция көрсеткіштері, а/а, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2-график. Әртүрлі ТБИ топтары бойынша маусымдық факторлар ескерілмеген баға өсімі, а/а, аннуал., %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі


Маусымдық факторлар ескерілген айлық инфляция құрылымында азық-түлік компоненті 1,3%-ға дейін жеделдеп, азық-түлік емес және қызмет көрсету компоненттері тиісінше 0,7% және 1%-ға дейін баяулаған.

Маусымдық түзетуді ескергенде, ет, жемістер мен көкөністер, жиһаз, тұрмыстық заттар, дәрі-дәрмек, аудиовизуалды техника, тұрғын үй-коммуналдық қызметтер, автокөлік жөндеу, амбулаториялық қызметтер, кешенді демалыс ұйымдастыру және қоғамдық тамақтану қызметтерінің бағасы айтарлықтай өскен (2-график).

2025 жылғы наурызда әртүрлі әдістермен есептелген маусымдық әсерлерден тазартылған базалық инфляцияның медианалық мәні¹ айлық мәнде 0,9%-ға, жылдық мәнде (аннуализацияланған түрде) 11,8%-ға дейін баяулады.

Айта кету керек, базалық инфляция бойынша бағалау диапазонының шектері алдыңғы аймен салыстырғанда төмендегенімен, әлі де жоғары күйінде қалып отыр. Бұл тауарлар мен қызметтердің кең ауқымында инфляциялық қысым сақталып отырғанын көрсетеді (3-график).

3-график. Базалық инфляция: әртүрлі есептеу әдістері, а/а, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Азық-түлік инфляциясы

2025 жылғы наурызда азық-түлік бағасының жылдық өсу қарқыны 7,6%-ға дейін жеделдеді (2024 жылғы ақпанда – 6,5%). Әсіресе, көкөніс, май мен тоң май, ет және жеміс бағалары айтарлықтай жеделдегені байқалды. Сонымен қатар, алкогольсіз сусындар және алкогольді ішімдіктер бойынша жылдық дезинфляция, ал жұмыртқа бойынша жылдық дефляция тіркелді (4-график).

4-график. Жылдық азық-түлік инфляциясындағы тауарлар бағасының үлесі



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

¹ Базалық инфляция – бағаның тұрақты өзгеруін сипаттайтын шама. Қысқартылған орташа мән сол айдағы бағалардың ең аз 10% және ең көп 10% маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерін есептен шығару арқылы есептеледі; ең құбылмалы 8 компонентсіз базалық инфляция инфляциядан соңғы 2 жылдағы бағалардың маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерінің стандартты ауытқуы ең жоғары 8 компонентті алып тастау арқылы анықталады; медиана – сол айда маусымдық факторлар ескерілмеген бағаның өзгеруін бөлудің 50% процентілі. Қазақстан Ұлттық Банкі базалық инфляцияны көптеген тәсіл арқылы бағалайды. Есептеу әдістемелерінің сипаттамасы Ұлттық Банктің ресми сайтында «Қазақстанның базалық инфляцияны бағалау әдістері» мақаласында жазылған.

2025 жылғы наурызда азық-түлік бағасының айлық өсімі алдыңғы айға қарағанда жеделдеп, 1,6%-ды құрады (2025 жылғы ақпанда – 1,5%). Жеделдеу үрдісі ет, көкөніс, жеміс және қант секілді кейбір тауар бағасының айтарлықтай өсуіне байланысты болды. Сонымен қатар, басқа да көптеген азық-түлік өнімдерінің бағасы біршама өскен.

2025 жылғы наурызда ет бағасының айлық өсімі жеделдей түсіп, 2,2%-ды құрады (2025 жылғы ақпанда – 2,1%). Ет бағасының динамикасы азық-түлік инфляциясына едәуір әсер етті, себебі бұл санат тұтыну қоржынынан едәуір үлес алады. Сиыр еті 3,5%-ға (3,7%), қой еті 3,4%-ға (2,3%) қымбаттаған. Бұл өсім ауылшаруашылық өндірушілері бағасының көтерілуіне байланысты болды.

Алдыңғы айларға қарағанда бәсеңдегеніне қарамастан, көкөніс бағасының өсуі азық-түліктің айлық инфляциясына әлі де айтарлықтай әсер етіп отыр. 2025 жылғы наурызда көкөніс 3%-ға қымбаттады (2025 жылғы ақпанда – 5,6%). Айтарлықтай қымбаттағаны — қызанақ, ақ қырыққабат және қызылша. Айта кету керек, бұл кезеңде көкөністің қымбаттауы маусымдық сипатқа ие, алайда, 2024 жылы өнім аз жиналуына байланысты биыл бұл үрдіс үдей түсті.


Жемістердің қымбаттауы да азық-түлік инфляциясына әлі де болса қосымша қысым көрсетіп отыр. 2025 жылғы наурызда жемістер 3,3%-ға қымбаттады (2025 жылғы ақпанда – 2%). Ең көп қымбаттаған өнім – банан (14,5%), одан кейін апельсин (3,2%) және жүзім (3,1%).

Сонымен қатар, қант бағасының 3,1%-ға өскені байқалды. Бұл өсім Ресейден импортталатын дайын ақ қант үлесінің көптігіне және Ресей рублінің нығаюына байланысты болды.

Азық-түліктің сыртқы және ішкі бағалары

2025 жылғы наурызда FAO-ның азық-түлік бағалары индексі айлық мәнде 0,2%-ға, жылдық мәнде 6,9%-ға өсті. Бұл өсім өсімдік майы мен еттің әлемдік бағасы қымбаттағанын байланысты болды. Есесіне, қант пен дәнді дақылдың бағасы төмендеп, сүт өнімдерінің бағасы өзгеріссіз қалды. Ішкі және әлемдік бағаларды салыстыру нәтижесі көрсеткендей, дәнді дақылдар, қант және еттің ішкі бағасы әлемдік деңгейден едәуір жоғары, ал өсімдік майы мен сүт өнімдерінің бағасы әлемдік бағадан төмен қалыптасты.

5-график. Дәнді дақылдар, 2019 жел. = 100



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі²

аясында дәнді дақылдар бойынша сыртқы (теңгеге шаққандағы) бағалар мен ішкі ұн бағасының арасындағы айырма ұлғайды (5-график).


2025 жылғы наурызда әлемдік дәнді дақылдар бағасы алдыңғы аймен салыстырғанда 2,6%-ға, жылдық мәнде 1,1%-ға төмендеді.

Бағаның төмендеуі негізінен Солтүстік жарты шардағы экспорттаушы елдерде бидай егістіктерінің жағдайына қатысты алаңдаушылықтың азаюына байланысты болды. Төмендеу үрдісіне ауа райының жақсаруы аясында жүгері бағасының арзандауы және күрішке деген импорттық сұраныстың аздығы мен экспорттық ұсыныстың жоғары болуы да жанама әсер етті.

2025 жылғы наурызда әлемдік бағалардың төмендеуі мен теңгенің нығаюы


² Мұндағы және 6,7,8,9 кестелердегі есептеулер теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа айлық бағамымен жүргізілді

6-график. Өсімдік майлары, 2019 жел. = 100



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі


7-график. Қант, 2019 жел. = 100



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі

алаңдаушылық тежеді. Қанттың ішкі және әлемдік бағаларындағы айырмашылық ұлғая түсті. Бұл Ресей импортына деген тәуелділіктің жоғары болуына және жақында теңгенің Ресей рубліне қатысты әлсірегеніне байланысты болды (7-график).

8-график. Ет, 2019 жел. = 100



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі

Өсімдік майының әлемдік бағасы 2025 жылғы наурызда айлық мәнде 3,7%-ға, жылдық мәнде 23,9%-ға өсті. Баға өсіміне барлық негізгі май түрінің қымбаттауы әсер етті. Атап айтқанда, пальма майының бағасы Оңтүстік-Шығыс Азиядағы маусымдық өндіріс көлемінің төмендеуіне байланысты екінші ай қатарынан өсіп отыр. Сонымен қатар, соя, рапс және күнбағыс майының бағасы да жеткізілімдердің қысқаруы мен тұрақты импорттық сұраныс аясында жоғары деңгейде қалып отыр.

Соған қарамастан, 2024 жылғы шілдеден бастап ішкі нарықтағы өсімдік майының бағасы әлемдік бағалардан (теңгеге шаққанда) төмен қалыптасып отыр. Бұл жағдай әлемдік бағалардың өсуі мен теңгенің әлсіреуіне қарамастан байқалуда. Ішкі бағалардың салыстырмалы түрде баяу өсуі еліміздің өсімдік майларымен жоғары деңгейде өзін-өзі қамтамасыз етуімен түсіндіріледі (6-график).


2025 жылғы наурызда әлемдік қант бағасы теріс аймаққа өтті: өткен аймен салыстырғанда 1,4%-ға, ал жылдық мәнде 12,3%-ға арзандады. Бағаның төмендеуіне әлемдік нарықтағы сұраныстың аздығы мен Бразилиядағы ауа райының жақсаруы ықпал етті.

Сонымен қатар, бағаның одан әрі күрт төмендеуін Үндістан мен Бразилияда алынатын өнім көлеміне қатысты

2025 жылғы наурызда әлемдік ет бағасы айлық мәнде 0,9%-ға жеделдеді, ал жылдық есепте 2,7%-ға өсті. Бұған, негізінен, жоғары сұраныс аясында қымбаттаған шошқа етінің бағасы әсер етті. Сондай-ақ, белсенді сұраныс пен шектеулі ұсыныс жағдайында қой және сиыр етінің бағасы да өсті.

Еттің ішкі және әлемдік бағасы арасындағы айырма ұлғайып келеді. Бұл 2025 жылғы наурызда теңгенің АҚШ долларына қатысты нығаюы және ішкі факторлармен — атап айтқанда, ұсыныстың қысқаруы мен өндіруші бағасының өсуімен түсіндіріледі (8-график).

9-график. Сүт өнімдері, 2019 жел. = 100



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі

2025 жылғы наурызда сүт өнімдерінің әлемдік бағасы алдыңғы ай деңгейінде сақталды. Жылдық өсім баяулап, 19,9%-ды құрады. Бағалардың тұрақтылығы әртүрлі бағыттағы үрдістермен түсіндіріледі: ірімшік бағасының төмендеуі сары май мен құрғақ сүттің қымбаттауын жапты. Сары май бағасына белсенді бөлшек сауда сұранысы мен Океания мен Еуроодақтан жеткізілімдердің шектеулі болуы қолдау көрсетті. Ал құрғақ сүт бағасы ұсыныстың төмендеуі мен тұрақты сұраныс аясында өсуін жалғастырды.

Теңгенің нығайғанына қарамастан,

төртінші ай қатарынан ішкі нарықтағы сүт өнімдері бағасы әлемдік бағалардан (теңгеге шаққанда) төмен қалыптасып отыр (9-график).


Азық-түлік емес инфляция

2025 жылғы наурызда азық-түлік емес тауарлар бағасының жылдық өсімі жеделдеп, 9,1%-ды құрады (2025 жылғы ақпанда – 8,7%).

Тауар топтары бойынша аудиовизуалды техника, жеке қолдануға арналған тауарлар, автокөліктер, жанар-жағармай және құрылыс материалдары, қатты отын, дәрі-дәрмек пен медициналық жабдықтар бойынша жылдық баға өсімі үдегені байқалды.

Сонымен қатар, жиһаз, тұрмыстық заттар, тұрмыстық техника және киім тігуге арналған материалдар бойынша жылдық дезинфляция сезіледі. Кейбір тауар топтары, мысалы, шыныдан жасалған бұйымдар мен жеке пайдалануға арналған электр құралдары бойынша жылдық дефляция тіркелді (10-график).

10-график. Тауарлардың азық-түлік емес жылдық инфляциядағы үлесі, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі


2025 жылғы наурызда азық-түлік емес тауарлар бағасының бір айдағы өсімі баяулап, 0,8%-ды құрады (2025 жылғы ақпанда – 1%). Көптеген тауар бағасының өсу қарқыны бәсеңдеді.

Мысалы, өткен айда 3,2%-ға өскен тұрмыста және бау-бақшада қолданылатын құралдар мен жабдықтар наурызда 0,9%-ға төмендеп, жалпы азық-түлік емес сегменттегі өсімді тежеді. Сонымен қатар, тұрмыстық техника бағасының өсу қарқыны 2,5%-дан 0,1%-ға, құрылыс материалдары – 1,1%-дан 0,3%-ға, жанар-жағармай – 0,5%-дан 0,3%-ға, шыны бұйымдары, ас үй құралдары мен үйге арналған заттар – 0,8%-дан 0,1%-ға дейін төмендеді.

Сонымен қатар, кейбір тауарлар азық-түлік емес инфляцияның өсуіне ықпал етті. Атап айтқанда, аудиовизуалды техника бағасы – 3,9%-ға, жиһаз бен тұрмыстық заттар – 2,1%-ға, дәрі-дәрмек, медициналық жабдықтар – 1,8%-ға, зергерлік бұйымдар мен сағаттар 2,2%-ға қымбаттады.

Ақылы қызметтер инфляциясы

2025 жылғы наурызда ақылы қызметтер бағасының жылдық өсімі 14,3%-ға дейін жеделдеді. Өсімнің негізгі факторлары реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызметтер тарифінің өсуі, сондай-ақ кешенді демалысты ұйымдастыру, амбулаториялық қызметтер, сақтандыру және автокөлік жөндеу сияқты кейбір нарық қызметтерінің қымбаттауы болды (11- график).



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Ақылы қызмет бағасының бір айдағы өсу қарқыны баяулап, 1,3%-ға түсті (2025 жылғы ақпанда – 2,1%). Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда, баға өсімінің баяулауына реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызмет пен кейбір нарық қызметтері бағасының өсу қарқыны бәсеңдегені себеп болды.


2025 жылғы наурызда тұрғын үйді жалға беру құны бойынша 1,2%-ға дейін айлық дефляция байқалды. Сондай-ақ аурухана қызметі бағасының айлық өсімі 2025 жылғы ақпандағы 3,2%-дан наурызда 0,8%-ға дейін баяулады. Байланыс, білім беру және қаржы қызметтерінің құны өткен айдағы деңгейде қалды.

Сонымен қатар бірқатар нарық қызметі ақылы қызмет инфляциясының өсуіне ықпал етіп отыр. Атап айтқанда, 2025 жылғы наурызда автокөлік жөндеу қызметінің бағасы 3,4%-ға өсті (2025 жылғы ақпанда – 0,7%). Қоғамдық тамақтану бағасының өсу қарқыны 1,6%-ға дейін жеделдеді.

2025 жылғы наурызда реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызмет тарифінің бір айдағы өсу қарқыны сәл баяулап, 4,4%-ға түсті (жылдық мәнде – 25,6%) (12-график). Сүмен жабдықтау

тарифі 15,2%-ға, су бұру – 11,9%-ға, орталықтан жылыту – 3,1%-ға, ыстық су – 2,4%-ға, газ – 0,1%-ға өсті. Электр энергиясының тарифі өзгеріссіз қалды.

12-график. Реттелетін ЖКҚ бағасының өңірлер бойынша өсуі, 2025 жылғы қаңтар-наурыз, а/а, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Өндірушілер бағасы

Бидай бағасы одан әрі арзандап жатқанына қарамастан, 2025 жылғы наурызда ауыл шаруашылығы өнімдерінің кей түрінде баға өсіп, азық-түлік өндіру шығындарына айтарлықтай қысым түсірді. Ақылы қызмет саласында автокөлікпен және әуе көлігімен жүк тасымалдау тарифі одан әрі өсті. Жылжымайтын мүлік бағасы мен жалдау ақысы да көтерілді.

13-график. Ауыл шаруашылығындағы бағалар ж/ж, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Азық-түлік өнімдерін өндіру саласында майлар мен тоң майлар, сүт өнімдері, ұн және жарма өнімдері, нан-тоқаш, макарон және ұннан жасалған бұйымдарды өндірушілердің бағасы өсті (14-график).


Азық-түлік тауарлары бағасының өсуіне шикізаттың қымбаттауы мен өндірістік шығындардың артуы әсер етіп отыр. Олардың қатарында ТКШ тарифтерінің өсуі, тасымалдау және сақтау қызметтерінің қымбаттауы бар. Баға өсіміне ықпал еткен қосымша фактор ретінде ТМД елдеріне экспортталатын азық-түлік өнімдерінің экспорттық бағалары өскені де әсер етіп отыр.

Ішкі өндіріс пен импорт өнімдерінің қымбаттауы аясында азық-түліктің көтерме бағасы өсу қарқынын жеделдетті (15-график). Азық-түліктен ТМД елдерінде өндірілген өнімдердің, атап айтқанда ет, нан-тоқаш және кондитерлік бұйымдар, кофе, қант және күнбағыс майының қымбаттағаны байқалады. Баға өсіміне Ресейдегі тауарлардың қымбаттауы және теңгенің Ресей рубліне қатысты әлсіреуі әсер етті. Азық-түлік емес тауарлардың қымбаттауы бірқалыпты деңгейде (16-график). ТМД елдерінен тыс өндірілген автокөліктер одан әрі қымбаттап жатыр.

Былтыр мол өнім алынғанына байланысты 2025 жылғы наурызда өсімдік шаруашылығы өнімдері бағасының төмендеуіне – дақылдардың, қарақұмық, сәбіз және қырыққабат сияқты кейбір дақылдардың арзандауы ықпал етті (13-график). Сонымен қатар, өсімдік шаруашылығы өнімдері құрылымында майлы дақылдар мен картоп бағасы өсе түсті (сәйкесінше 9,5% және 23,4% ж/ж).


Мал шаруашылығында тауық жұмыртқасының арзандауы бағаның жалпы төмендеуіне себеп болды. Сонымен қатар, малға азық дақылдардың арзандағанына қарамастан, мал мен құс бағасының біршама өскені байқалады.

14-график. Азық-түлік өндірушілердің бағасы ж/ж, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

15-график. Азық-түлік тауарларының көтерме бағасы



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ

16-график. Азық-түлік емес тауарлардың көтерме бағасы



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ

17-график. Жүк тасымалдау тарифтері, ж/ж, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Жылжымайтын мүлік нарығындағы жаңа тұрғын үй бағасының жылдық өсімі 5,9%-ды құрады. Жаңа тұрғын үй бағасының өсуі құрылыс саласындағы шығындардың артуына байланысты болып отыр. Сонымен қатар, қайталама нарықтағы тұрғын үй бағасы да 6,7%-ға өсті (ж/ж).

Жалға алу құнының көтерілуі жылжымайтын мүлік бағасының өсу қарқынынан әлі де жоғары болып отыр: жылдық өсім – 11,6%. Жалдамалы тұрғын үй құнының өсуі коммуналдық қызметтердің қымбаттауына байланысты болуы мүмкін (18-график).

2025 жылғы наурызда автокөлікпен және әуе көлігімен жүк тасымалдау тарифінің өсу қарқыны өткен айдағыдан өзгерген жоқ және сәйкесінше 1,2% және 1,5%-ды құрады (17-график).

Жанар-жағармай нарығындағы баға еркіндігіне байланысты қалыптасқан жоғары инфляциялық күтулер тарифтердің қымбаттауына әсер етуі мүмкін.

18-график. Жылжымайтын мүлік нарығындағы бағалар, %, ж/ж



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

*Облыстық және республикалық маңызы бар қалалардағы тұрғын үйдің жалға алу құны